



201\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

Астана, Үкімет Үйі от «\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ года

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

15.03.2018-ғы № 20-8-1/541 дз шығыс хаты

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына  
(тізім бойынша)**

2018 жылғы 23 ақпандағы № ДЗ-52

### **Құрметті депутаттар!**

Сіздердің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламаларына көшуге қатысты депутаттық сауалдарыңызға қатысты мынаны хабарлаймыз.

*Мектептегі білім берудің жаңа моделіне көшуге және білім алушылардың функционалдық сауаттылығына қатысты*

Білім берудің жаңартылған мазмұнын әзірлеу Қазақстандағы және әлемдегі педагогика ғылым ғалымдарының еңбегін зерделеудің негізінде іске асырылды, оның ішінде кеңес педагогтерінің тәжірибелері талданды және ескерілді, әлемдік тәжірибеде мойындалған бағдарламалардың мазмұнына талдау жүргізілді, TIMSS, PISA халықаралық зерттеулердің нәтижесі зерделенді, сондай-ақ, 2014 жылы ҚР Үкіметінің тапсырысы бойынша жүргізілген Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) зерттеу нәтижесі бойынша орта білім беру саясаты шолуында көрсетілген қорытындылар ескерілді.

ЭЫДҰ шолуында Қазақстанның орта мектептерінде білім беру қажетті деңгейде тиімді іске асырылмайды делінген. Орта мектептің оқу бағдарламалары әсіресе академиялық сипаттамаға ие және ауқымды бола тұра тиімді оқытуға негізгі кедергі болып табылады.

Жаңартылған бағдарламалардың мазмұнында қолданыстағы оқу бағдарламаларының негізгі базалық мазмұны сақталған, өзекті емес тақырыптар алып тасталды және ғылым мен техниканың соңғы жетістіктеріне сәйкес білім берудің мақсаттары қосылды.

2015 жылдан бастап оқу бағдарламалары 30 пилоттық мектептерде сынақтан өтуде. Сынақтан өткізу нәтижелерін талдау үшін пилоттық мектептерде және 16 бақылау мектептерінде (оларда білім алушылар жаңа бағдарламалар бойынша оқымайды) диагностикалық тестілеу жүргізілуде, бұл тапсырмаларды орындауда және суреттемелерде берілген ақпаратты талдайтын, сұрақтарды құрастыруда, геометриялық құрылымдарды бағдарлау

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі данада жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ. Жауап қайтаруда міндетті түрде біздің № және күні көрсетілуі керек. Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВУЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

15.03.2018 Копия электронного документа.

дағдылары бар, қорытындыларды тұжырымдауда пилоттық мектептердің оқушыларының басымдығын көрсетті. Ол функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған оқу бағдарламаларынан күтілетін нәтижелерге пилоттық мектептер оқушыларының жетістіктері туралы куәландырады.

*Критериалды бағалау жүйесін енгізуге қатысты*

Отандық және халықаралық зерттеулердің нәтижесі («*Ақпараттық талдау орталығы*» АҚ, «*Назарбаев Университеті*» ДББ, ДЕЭБ, *Дүниежүзілік Банкі*) қолданыстағы бағалау жүйесінің ескіргенін және заманауи талаптарға жауап бермейтінін көрсетті. Атап айтқанда, анықтықты, шындықты, объективтілікті және бағалау жүйесінің ашықтығын қамтамасыз ететін сараланған өлшемдер жоқ. Оқу процесіне қатысушыларының, әсіресе нашар оқитын балаларды қолдауға арналған нақты қажеттіліктерді анықтауға мүмкіндік беретін механизмдер дамымаған.

Аталған проблемаларды шешу мақсатында мұғалім қызметінде оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың қалыптасқан субъективтік механизмдерін өзгертуде қайта ойлануын көздейтін критериалды бағалау жүйесі әзірленді және енгізілді. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау барысында кері байланысты орнату жаңа жүйенің ажырамас бөлігі болып табылады.

Бағалаудың осы түрінің басымдығы осындай бағалау жүйесі күйзеліс туғызбайтындығында және білім алушылардың қызметін барлық тараптан бағалауға мүмкіндік береді, білім беру мазмұны нақты жазылған және алдын ала оқушы мен мұғалімге белгілі, оларды құрастыруда оқушы да қатыса алатындығында болып табылады. Ең бастысы оқушылар әзірленген өлшемдерге сүйене отырып, талаптардың белгілі бір деңгейімен өзінің қол жеткізген деңгейін өздігінен салыстыра алады.

Критериалды бағалау пәннің оқыту мақсатына сәйкес келеді және мұғалімнің көңіл-күйіне тәуелді емес, нақты құрастырылған жетістіктері бар, бағаны білім алушылар, мұғалімдер мен ата-аналар үшін негізделген түрде «ашық» жасайды, оқушылардың оқуға қызығушылықтарын және өзін-өзі бағалау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Бағалаудың стандартты рәсімдерін, сабақта кері байланысты орнатуды анықтау мақсатында Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларында<sup>1</sup> белгіленген оқу тарауын аяқтағаннан кейін суммативті бағалауды жүргізудің кезеңдері нақтыланған, бір мектептен басқа мектепке ауысу кезеңінде оқушыларды бағалаудың нәтижелері берілуі тиіс рәсімдер белгіленген өзгерістер енгізілді.

Критериалды бағалау жүйесі 2016-2017 оқу жылынан бастап білім берудің жаңартылған мазмұнына кезең-кезеңімен көшу (2016-2017 жылдары – 1, 2, 5, 7 -сыныптарда, 2018 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 3, 6, 8 – сыныптарда) шеңберінде жүргізілуде.

Баяндалғанның негізінде критериалды бағалаудың жаңа жүйесі мұғалімдер жағынан білім алушылар мен ата-аналарды хабарлауда, оларға бағалауда

<sup>1</sup>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген

жеткілікті тәжірибе жинақтау қажет ететіндігін түсінуді талап ететіндей бейімдеу кезеңінен өтуде. Осы бағыттағы жұмыс жалғастырылатын болады.

*Мұғалім мәртебесіне және жүктемесіне қатысты*

Мұғалім мәртебесі әлемнің көптеген елдерінде білім беру жүйесін дамытуда өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Қазақстанда педагог қызметкерлердің құқығы, жауапкершілігі мен міндеттері заңнамалық тұрғыда регламенттелген.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 50-бабына сәйкес мемлекет қоғамдағы педагог қызметкерлердің ерекше мәртебесін таниды және кәсіптік қызметін жүзеге асыруы үшін жағдайлар жасайды.

Заңның 51-бабына сәйкес педагог қызметкер өзінің кәсіптік ар-намысы мен қадір-қасиетінің қорғалуына, білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан өз ар-намысы мен қадір-қасиетінің құрметтелуіне құқығы бар.

Жергілікті атқарушы органдардың мұғалімдерді, олардың өздеріне тән емес функцияларды орындауға тарту фактілерін жою мақсатында Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, педагог қызметкерлерді өздерінің кәсіптік міндеттерін орындаумен байланысы жоқ жұмыс түрлеріне тартуға жол берілмейтіні Заңның 51-бабының 4-тармағында белгіленген.

Заңның 45-бабының 3-тармағына сәйкес білім беру ұйымының басшылары білім беру ұйымының білім алушыларының, тәрбиеленушілерінің, қызметкерлерінің оқу-тәрбие процесі кезіндегі өмірі мен денсаулығына жауаптылықта болады.

2017 жылы педагогтерді даярлау мен түлектерді жұмысқа орналастыруды жақсарту сапасы, педагогтерді тәуелсіз сертификаттау ескерілген педагогтің «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығымен бекітілген кәсіптік стандарты қабылданды. Педагогикалық білім беруді, кадрларды даярлау бөлігінде жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

Қазақстанның 2018 жылы педагогтердің өз жұмыстарына, еңбек жағдайларына және т.б. қанағаттанушылығы бағаланатын ЭЫДҰ TALIS педагогтер корпусының халықаралық зерттеуіне қатысуы жоспарланған, бұл педагогтердің мәртебесін көтерумен жағдайларды жақсарту үшін қажетті шараларды қабылдауға және әлсіз жақтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта педагог қызметкерлердің мүдделері мен құқығын қорғау, әлеуметтік-еңбек қатынастарын дамыту тиімділігін арттыру мақсатында Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен және «Қазақстандық білім және ғылым қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ–мен бірлесіп 2018-2020 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы салалық келісімге (Келісім) қол қойды, оның шеңберінде қолданыстағы еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіруге, қызметкерлердің еңбек шартын жақсартуға және педагогикалық

және ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің мәртебесін көтеруге бағытталған норма шығармашылығы жұмыстары белсендірілген.

Министрлікте орта білім беру мәселелерін педагогикалық қауымдастықпен талқылау және шешім қабылдау үшін орта білім беру саласындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі, жалпы орта білім беретін мектептер директорларының республикалық кеңесі, мұғалімдер қауымдастығы құрылды.

Мұғалім мамандығының беделін көтеру және жаңа жүйе бойынша аттестаттау мәселесі бойынша бірыңғай ұсыныстарды пысықтау мақсатында құрамына Парламент Мәжілісінің депутаттары мен жұмыс тобының басқа да мүшелері кіретін жұмыс тобы құрылды.

Бұдан басқа көрсетілген Келісімді іске асыру шеңберінде Министрлік мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, мұғалімдерді зорлық-зомбылықтан қорғаудың халықаралық тәжірибесін қарастыра отырып, Педагог мәртебесін көтеру жөніндегі кешенді іс-шаралар әзірлеп, бекітуді жоспарлауда.

Көрсетілген шараларды іске асыру педагог мәртебесін көтеруге байланысты жағдайды жақсартуға мүмкіндік береді.

Мұғалімдер жұмысының тиімділігін төмендетуге әсер ететін маңызды факторлардың бірі негізгі функционалдық міндеттеріне қосымша жүктемелер болып табылады.

Осы мақсатта қағаз түріндегі және электрондық құжаттарды қолданудың қайталануын алып тастау бөлігінде қатаң есептегі құжаттар нысанына өзгерістер енгізілді<sup>2</sup>.

Сонымен қатар Министрлік Орта білім беру ұйымдарының жеке санаттағы педагог қызметкерлерін жүргізу үшін ұсынылатын құжаттардың тізбесін анықтады.

Заңның 51-бабына сәйкес педагог қызметкер бес жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруға міндетті. Білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен және оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санатын беру (*растau*) аттестаттаудан өту үшін құжаттар қабылдау Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (*растau*) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына<sup>3</sup> сәйкес орындалады.

Қазіргі уақытта Министрлік мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып осы мемлекеттік көрсетілетін қызметті автоматтандыру мәселесін қарастыруда.

Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында берілген тапсырмаға сәйкес мұғалім мәртебесін көтеру шеңберінде ағымдағы жылғы 1 қаңтардан бастап жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары бойынша оқытудан мұғалімдердің лауазымдық жалақысы

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 615 бұйрығымен бекітілген.

<sup>3</sup> Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 9 қарашадағы № 632 бұйрығымен бекітілген.

30%-ға артты, сондай-ақ, 2019 жылғы қазанға дейін ұлттық біліктілік тестінің нәтижелері негізінде санат беру және/немесе растау кезінде педагогикалық шеберлік үшін мұғалімдердің лауазымдық жалақысына (30%-дан 50%-ға дейін) үстемақының жаңа кестесін енгізу жоспарлануда.

Осылайша педагогтің мәртебесін көтеру бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.

*Педагог кадрларға қажеттілікке қатысты*

Ұлттық білім беру деректер қорының мәліметі бойынша жыл сайын орташа есеппен 10 мыңнан астам жас мамандары мектептерге жұмысқа келеді. 2017-2018 оқу жылында 8 850 жас мамандар, оның ішінде 6 246 жоғары оқу орындарын бітіруші, 2604 колледж бітірушілер келді.

Педагог кадрларға қосымша қажеттілік 4 952<sup>4</sup> адамды құрайды. 2017-2018 оқу жылында педагог мамандығы бойынша білім алушылар 136 818 мың адамды құрайды. 2017-2018 жылы кадрларды даярлауға мемлекеттік сұраныс бойынша бакалавриатта – 385 грант, магистратурада – 2 050 орын, докторантурада – 161 орынды құрайды.

Сонымен қатар шағын жинақты мектептер ерекшелігін ескере отырып, «Химия-Биология», «Математика-Физика», «Математика-Информатика», «Физика-Информатика», «География-Тарих», «Тарих-Дінтану» мамандықтары бойынша педагогтарды даярлау жүзеге асырылады.

Бүгінгі күні педагог кадрларды даярлайтын 80 жоғары оқу орнынан, 65 жоғары оқу орнында педагогикалық мамандық бойынша кафедра қызмет атқарады.

2018-2019 оқу жылында 16 жоғары оқу орны педагогикалық мамандықтар бойынша жаңа кафедралар ашуды жоспарлауда.

Сондай-ақ Мемлекет басшысының «Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту» атты халыққа үндеуінің Үшінші бастамасын орындау үшін Министрлік таяу жылдары педагог кадрлар қажеттілігі мәселесін толығымен шешуге мүмкіндік беретін қосымша 20 мың білім беру грантын бөлу мәселесін қарастыруда.

*Мектеп дәліздері мен сыныптарды бейнекамералармен жабдықтауға қатысты*

Республикада мектептерді заманауи бейнекамера жүйелерімен жабдықтау 63% құрайды. Бейнебақылау камераларын орнату кезінде оқушылардың ата-аналарымен келісу қажет.

Қазіргі уақытта Министрлік Қазақстан Республикасында білім және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарған арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сонымен бірге жергілікті бюджет есебінен көзделген «Мектептерді мультимедиалық,

<sup>4</sup> Оның ішінде 1056 – бастауыш сынып мұғалімі, 588 – орыс тілі, 523 – математика, 359 - ағылшын тілі, 273-физика, 271 - химия, 164 - музыка, 158 - география, 131 – көркем еңбек, 130 - информатика, 129 - биология, 88 - дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері.

компьютерлер және бейнеқұрылымдармен жабдықтау» атты жаңа іс-шараны енгізу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілуде.

Осыған байланысты қорытынды шешім барлық мәселелер мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен пысықталғаннан кейін қабылданатын болады.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі**

**Б. Сағынтаев**

*Орынд.: М. Көрпебаев  
т. 745-410*